

Басты қағидалар



EVERY ONE.
EVERY JOB.
EVERY DAY.



Құлау қаупі бар жерлерде әрдайым құлаудан қорғауды қамтамасыз етіңіз.



Электр энергиясы қажет емес кезде жабдықты әрдайым қауіпті энергия көздерінен ажыратуды орындаңыз.



Otis нысандарында пайдалануға рұқсат етілгеннен басқа, портативті сымды электр құралдары мен құрылғыларында әрдайым қорғаныс өшіру құрылғысын қолдану қажет.



әрдайым жабық, тар кеңістіктерді анықтаңыз және жазбаша түрде белгіленген кіру тәртібін ұстаныңыз.



Қорғалмаған қозғалмалы бөліктердің не электр тізбектерінің жанында ешқашан жұмыс жасамаңыз және дене мүшелерін механизм арасына тықпаңыз.



Шахтаға кіру/шахтадан шығу, кабинаның төбесінде немесе жанасшұңқырда жұмыс жасау кезінде әрдайым лифттің бақылануын қамтамасыз етіңіз.



Бөгетшелер мен шунттарды пайдалану кезінде бекітілген қауіпсіздікті бақылау рәсімін әрдайым ұстаныңыз.



Көтеру және такелаж кезінде, сондай-ақ лифт жабдығын механикалық түрде бұғаттау кезінде бекітілген қауіпсіздікті бақылау рәсімін әрдайым ұстаныңыз.



Уақытша/қозғалмалы платформалармен жұмыс жасау кезінде бекітілген қауіпсіздікті бақылау рәсімін әрдайым ұстаныңыз.



Лифттің нормалды режимында жұмыс жасауы кезінде ешқашан кабинаның төбесіне шықпаңыз.



Эскалатордың сатыларын жүргізген кезінде немесе орын ауыстыру кезінде әрдайым инспекциялық пультпен қауіпсіздігін тексерілуін жүргізіңіз.



Машиналық бөлімге немесе жанасшұңқырға кіру алдында эскалатордың апатты сөндіргішінің қызмет ету сенімділігін әрдайым тексеріңіз.



Эскалаторды алып тасталған сатылармен/паллеталармен қараусыз қалдырған кезде әрдайым сенімді қоршаулар мен ескерту белгілерін пайдаланыңыз, сондай-ақ құрылғыны электрлік және механикалық тұрғыдан бұғаттаңыз.



Эскалатордың фермасында жұмыс орындаған кезінде екі тәуелсіз қауіпсіздік бұғаттау құрылғысын қолдану қажет.



Ешқашан саты өстермен жүрмеңіз.



Тек бір саты/паллета ашық болып, ашық жер қоршалған болу қажет, құрылғы инспекция режимында болып, барлық персонал құрылғының қашан әрі қалай қозғалысқа келтірілетіндігін білетіндігіне кепілдік беретін анық байланысу тәсілдері болған жағдайлардан басқа, сатылары/паллеталары алып тасталған эскалатормен ешқашан көтерілмеңіз.